

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ол жеткілікті деңгейде, белсенді қарқынмен және барлық мүмкіндіктерді пайдаланып отырып жүргізілмеуде. Еліміздің АӨК-де цифрлық технологиялардың әлсіз таралуы бірқатар проблемаларға байланысты:

- цифрлық технологияларды енгізу үшін жақсы жарактандырылған, инновацияны енгізуге ыңғайлы фермалар мен шаруа қожалықтары, жылыжайлар қажет. Алайда, елдің көптеген аймақтарында осындай талаптарға сай келетін кешендердің жоқтығы немесе аз болуы;

- цифрландыруға бағытталған, ауылшаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың қажетті деңгейде жасалмауы және оның жүзеге асуының қатаң түрде құзыретті органдар тарапынан қадағалау, реттеу, бақылау жұмыстарының аз болуы.

Осылайша, барлық деректерді қарастыра отырып, Абай обылысының ауыл шаруашылығын цифрландыру жүйелерінің қолданылуын зерттей келе, талдау жұмыстарын жүргізе отырып, аграрлық салада цифрландыру қарқынды және ұтымды түрде енгізу керек екендігі анықталып, нәтижесінде цифрландыру арқылы келесідей жетістіктерге жетуге болады деген қорытынды жасалады:

- сандық негізделген болжау арқылы ауылшаруашылығы саласында ықтимал тәуекелдерді азайту;

- АӨК кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы роботтарын пайдалану арқылы агроөнеркәсіптік дақылдардың өнімділігін арттыру;

- өндірісті оңтайландыру есебінен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жұмсалатын шығындарды оңтайландыру;

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

- АІоТ-жобаларды пайдалану арқылы, өндірілетін өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- агроөндірушілерді Big Data жүйелерінің көмегімен қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Бұл жүйе өнімді даладан түпкілікті тұтынушыға жеткізу процесін жеделдете алады [5].

Қолданылған әдебиттер тізімі

1. Ревенко Н.С. Цифровая экономика США в эпоху информационной глобализации: актуальные тенденции // США и Канада: экономика, политика, культура. - 2017. - № 8(572). - С. 78-100.

2. Борьба с безработицей и благоустройство опорных сел – в каком направлении сегодня развивается Восточно-Казахстанская область [Электронный ресурс]. - 2020. - URL: <http://surl.li/ghzjc/> (дата обращения 16.05.2020).

3. Мурсалимова З. Национальный проект в деле [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: <https://vestisemey.kz/13911/natsionalnyy-proekt-v-dele.html/> (дата обращения 05.12.2022).

4. Об итогах развития агропромышленного комплекса Восточно-Казахстанской области за 2022 год [Электронный ресурс]. - 2023. - URL: <http://surl.li/ghzmn/> (дата обращения 12.04.2023).

5. Леушкина В.В. Цифровизация агропромышленного комплекса: основной элемент повышения конкурентоспособного инновационного развития // Вопросы инновационной экономики. – 2022. – Т. 12. № 4. – С. 2329-2340. doi: [10.18334/vines.12.4.116615](https://doi.org/10.18334/vines.12.4.116615).


ОӘК 338.467.4

БАНКТИК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Даутпаева Азель Равильевна
azel.dautpayeva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Хасенова К.К., э.ғ.к. қауымдастырылған профессор

Инновацияларды енгізу банктердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады және олардың экономикалық өсуіне ықпал етеді. Полищук А.И. көзқарасына сәйкес, банктік инновация немесе банктің жаңа өнімдері мен қызметтерінің жиынтығы бұл клиенттерге пайда табуда көмектесетін жаңалықтар енгізу арқылы ресурстың әлеуетті қалыптастыру мен орналастыруда қолайлы жағдай жасау үдерісінде банктің қосымша табыс табуға арналған қызметінің нәтижесі. Жаңа банктік өнім бұл қаржы нарығындағы қажеттіліктерге маркетингтік зерттеу жүргізу арқылы жасалған жаңа банктік қызмет етудің аралас нысаны [1].



Сурет 1. Банк саласындағы инновациялардың экономикалық мәні.

Ескерту - автормен әзірленген


1-ші суретте көрсетілгендей, банк саласындағы инновацияның экономикалық мәні жаңа банк өнімдерін жасау, бизнес-процессті ұйымдастыруды жетілдіру, банк қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, банк клиенттеріне қызмет көрсету технологиясын өзгерту болып табылады.

Банктік қызметтер мен өнімдерге инновациялық өзгерістер келесі бағыттар бойынша іске асырылуы мүмкін:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде жаңа банктік өнімдер немесе қызметтер жасау;
- жаңа виртуалды банктік және қаржылық технологиялар жасау және енгізілу, мысалы: банктік шоттарды қашықтықтан басқару, банктердің кеңселеріне бармай-ақ шарттар жасасу, төлем карталарын шығару және бұғаттау мүмкіндігі;
- клиенттердің электрондық құжаттың дұрыстығына жауап беретін электрондық қолтаңбаны енгізу және пайдалану;
- жаңа коммуникациялық және ақпараттық технологиялар кешенін пайдалану арқылы электрондық және кешенді маркетинг қызметін жүзеге асырылу;
- қызметкерлердің біліктілігі өзгерту: кеңесші, өнім менеджері, транзакциялар мен консультациялар жөніндегі маман;
- клиенттерге өзіне-өзі қызмет көрсетудің жаңа терминалдары енгізілу.

Қазіргі уақытта енгізілген жаңа банктік қызметтер мен өнімдердің барлығы дерлік инновация болып табылады. Бірақ та, уақыт өте келе олар жаңашылдық қасиетін жоғалтуы әбден мүмкін. Сондықтан да банк өнімдері мен қызметтері үнемі жаңарып отыруы керек. Себебі банктер жаңа банк өнімдері мен қызметтерін әзірлеу, ұсыну және жетілдіру арқылы ғана клиенттердің капиталын сақтай отырып, көбейтуге ықпал ету үшін банк клиенттеріне қатысты серіктестік принципін жүзеге асыруы керек.

Осыған сәйкес, банктік қызметке қатысты инновацияларға тән қасиеттер 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2. Банктік қызметке қатысты инновацияларға тән қасиеттер.
Ескерту - автормен әзірленген

Банк қызмет көрсету жүйесінде инновацияларды қолданудың бірқатар артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Артықшылықтары	Кемшіліктері мен мүмкін болатын теріс салдары
1. Коммерциялық банк клиенттерінің банк қызметтерін пайдалану қолайлылығын арттыру	1. Ақша ұрлығының ықтималдығын арттыру
2. Банк операцияларын жүзеге асыруға жұмсалатын шығындарды қысқарту	2. Технологияларды енгізуге жалпы шығындарды ұлғайту
3. Клиенттік базаны кеңейту және банктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру	3. Жаңа технологияларға тұрақты инвестициялар
4. Банк операцияларын жүзеге асыру уақытын қысқарту	4. Операцияларды жүзеге асыруды бақылауды қатаңдату
5. Банк қызметтері мен өнімдерінің санын ұлғайту, оларды көрсету тиімділігін арттыру	5. Технологияның жаңаруына тәуелділік
6. Банк қосымшаларының функционалды компонентін жетілдіру және сервисті дамыту	6. Тұтынушылардың қажеттіліктерін зерттеуге банк шығындарының артуы
7. Еңбекке ақы төлеу және үй-жайларды жалға алу шығындарын қысқарту	7. Жұмыс орындарының қысқаруына байланысты жұмыссыздық ықтималдығының өсуі
8. Жаңа инвестициялық идеяларды іске асыру, банк қызметінің тиімділігін арттыру	8. Технологияларды енгізу салдарының болжамсыздығы және олардың өтелуін болжау, инвестициялардың жоғары тәуекелдері

Ескерту – әдебиет негізінде құрастырлған [2].

Кесте 1. Банк жүйесінде инновацияларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері.

1-ші кесте бойынша шығатын қорытынды: инновациялық технологиялар банк клиенттеріне банктік операцияларды жеңілдету, тиімді қызметтерге қолжетімділікті арттыру және оларды басқару шығындарын азайту сияқты айтарлықтай пайда әкеледі.

EFMA Ассоциациясы (European Financial Management Association) соңғы жылдың ең танымал банктік инновациялары туралы зерттеу жүргізді. Крис Скиннер инновацияның бағыттарына назар аудара отырып, осы зерттеудің жалпы шолуымен бөліседі. EFMA шорт-парағына түрік банктерінен 224 инновация, итальяндық және поляк банктерінен 203 инновация кірді. Төртінші орында Испания 134 номинациямен. Скиннер Еуропаның оңтүстігі

банктеріне қарай мұндай салмақ дәл сол жерде банктер қызмет көрсетуде жаңа мобильді сервистерді енгізетіндіктен орын алады деп санайды.[3].

Банк қызметі біздің елімізде қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарымен, халықаралық келісім шарттармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің нормативтік – құқықтық актілермен реттеледі. Банк қызметі болып еліміздің заңдарымен анықталған банктік және басқа да операцияларды жүзеге асыру болып табылады. Банк қызметінің функциялары мен принциптері елдегі қолданыстағы заңдармен және оларға деген лицензиялармен анықталған банк операцияларын жүзеге асырумен айқындалады [4].

Банктік қызметтердің одан әрі дамуының перспективті бағыты жаңа технологияларды және банктік қызмет көрсету түрлерін енгізу болып табылады. Қазақстанда банктік қызметтер нарығының маңызды перспективті бағыттарының бірі интернет әлемдік ақпарат жүйесін қолдану болып табылады. Бұл сырттай қызмет көрсету деп аталуы мүмкін.

Қазіргі күні Қазақстандық банктік қызмет нарығы үлкен өзгерістерді басынан өткізуді және соңғы жылдары динамикалық дамушы банктік қызмет нарығына сипатты болды. Бір жағынан жетекші Қазақстандық банктер халықаралық төлем жүйелерімен белсенді жұмыс істейді, басқаша жақынан олар өздерінің электрондық жүйелерін құрай отырып, бәсекелестік күреске өздері қосылды.

Табыстың көбеюімен халықтың сұранысың серпінді өсуі банктің клиенттерге ұсынатын қызметтерінің сапасын жақсартуға негіз. Соңғы онжылдықта банк саласы жетілдіріліп, жаңа банктік технологиялар енгізілді, ал қазіргі күні банктердің жемісті қызметі осы технологиялардың пайдалану мен енгізуге байланысты.

Жаңа банктік технологияларды енгізу қызмет көрсетуді жылдамдатуға, бір уақытта бірнеше клиентке қызмет көрсетуге, жоғарғы тиімділікке жетуге мүмкіндік беретіні баршаға мәлім, сол себептен қызметтерді технологиялық жағынан жаңарып отыру өте маңызды, әрі өзекті. Қазақстанда бүгінгі таңда электрондық төлем жүргізу нарығының дамуы мен болашақтағы перспективасы келесі серпелістермен сипатталады:

1) электронды терминалдық құрылғыларды саны соңғы кезде кеңейе түсті, және ары қарай да арта бермек. Дәстүрлі банкоматтар мен POS-терминалдардан бөлек, қолма – қол ақша қабылдау, Web, War, ұялы телефондар, өз-өзіне қызмет көрсету терминалдары және т.б кең таралуда. Клиенттер бір ғана қызмет түрін әр түрлі терминалдық құрылғылар мен төлем құралдары арқылы жүзеге асыра алады;

2) электрондық терминалдар арқылы жүргізуге болатын банктік операциялардың түрлері де көбейеді;

3) ендігі кезекте ол тек қана қолма - қол ақша алу мен тауарлар бойынша төлем жүргізу емес, сонымен қатар басқа төлемдер (коммуналдық төлемдер және т.с.с) ақша аударымдары, несиелерді өтеу, депозиттерді ашу мен толтырып отыру және т.б., ақша аудару жүйелері мен интернет дүкендер және т.б.;

4) клиенттер банктік қызметтердің кеңейтілген түрін электрондық терминалдық құрылғылар арқылы қолдануға ұмтылады, өйткені ол жылдам, әрі қымбат емес (кейде мүлдем тегін);

5) банктер үшін электрондық каналдар негізінде қызмет көрсету операторлардың қызметіне қарағанда арзанырақ және кең көлемді болып табылады. Сол себептен онлайн режимінде электрондық төлемдерді жүргізу қызметінің көлемі мен маңыздылығы күннен – күнге өседі.

6) банк тарапынан ерекше электрондық қызмет көрсетуге деген сұраныс артып келеді. Олардың өз клиенттеріне стандартты өнімдер емес, ерекше, қайталанбас өнім шығаруға ұмтылысы заман талабына сай жоғарылайды. Осының барлығы банктерді клиенттерді тартуға және бұрынғы клиенттермен арақатынасты одан әрі жақсартуға түсуге, электронды қызмет түрлерін көбейтуге итермелейді.

Қорытындылай келе, банктік қызметтердің одан әрі дамуының перспективті бағыты жаңа технологияларды және банктік қызмет көрсету түрлерін енгізу болып табылады.

Қолданылған әдебиттер тізімі

1. Полищук А. И. Управление деятельностью кредитных организаций (банковский менеджмент). - М. : ЮРИСТЪ, 2002. - 478 б.
2. Ефремова Т.Ю. Концептуальные основы формирования системы учета, анализа и контроля в управлении инновационной деятельностью хозяйствующего субъекта // Управление экономическими системами: электронный научный журнал. [Электронды ресурс]. - Кіру режимі: <http://www.uecs.ru/regionalnayaekonomika/item/1837-2012-12-22-06-27-27>
3. EFMA рейтингі [Электронды ресурс]. - Кіру режимі: <https://www.efmaefm.org/>
4. Тінәсілов М.Д. Инновационная экономика в странах центральной Азии. Алматы, 2012.

ОӘК 336.153.11

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ФАКТОРЛАРЫ

Егеуғалиева Мөлдір Нұрболатқызы

egeugalieva@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Экономика» факультеті
«Менеджмент» кафедрасының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші – Шамишева Н. Қ.

Нарықтағы бәсекеге қабілетті жағдайда бизнестің жетістігін қалыптастырудағы бәсекеге қабілеттіліктің ролі ғылыми қоғамдастық тарапынан оның әртүрлі аспектілеріне үнемі назар аударуды анықтайды. Кәсіпкерлік қызмет субъектісін басқару тиімділігінің индикаторы ретінде бәсекеге қабілеттілікке интегралды бағалау жүргізу қажет болған жағдайларда іске асырылатын процестің маңыздылығын түсіну қажет. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің аспектілерінде ғылыми пікірталас субъектілері "тауардың бәсекеге қабілеттілігі", "ұйымның бәсекеге қабілеттілігі", "персоналдың бәсекеге қабілеттілігі" және т.б. анықтамаларды анықтау әдістемесінің мәселелерін қарастырады, бірақ берілген талқылаулар мәні тым алуан түрлі және жүйесіз. Сол себептен де, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін «экономикалық ресурстың барлық түрлерін тиімді пайдаланудың жоғары деңгейі», «белгілі – бір нарықтағы немесе саладағы кәсіпорынның басқа ұйымдармен салыстырғанда артықшылықтарының болуы», «шынайы мүмкіндіктер мен кәсіпорынның әлі де пайдаланылмаған әлеуетінің болуы» және т.б. ретінде сипаттауға болады [1].

Анықтамалардың мазмұны әр түрлі авторлармен түсіндірілгендіктен, зерттелетін құбылысты анықтау өте күрделі, яғни, бәсекеге қабілеттілік экономикалық қызмет субъектісі өндіретін тауардан бастап ұйымның жалпы қызметінің табыстылығына дейін кең аймақты қамтиды. Өкінішке орай, ұсынылған түсіндірулердің ешқайсысы толық деп таныла алмайды. Мұның бәрі экономикалық әдебиеттегі анықтамалардың артықтығына және ғылыми пікірталас процесінде нақтылау қажеттілігіне әкеледі.

Егер біз бәсекеге қабілеттіліктің негізгі шарттарына, яғни «бәсекелесу мүмкіндігіне» оралсақ, онда тұжырамдаманың негізінде нарық субъектілері арасындағы бәсекелестік жатқанын көре аламыз. Өз кезегінде, бұл термин «көп сатып алушыларды тарту және қысқа немесе ұзақ мерзімді кезеңдерде максималды табыс алу үшін бірдей өнім түрлерін өндірушілердің экономикалық бәсекелестігі» ретінде тұйықталады. Келесі анықтамамен салыстыруға болады: «бәсекелестік – заңнама шеңберінде немесе жергілікті жағдайларда объективті немесе субъективті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бәсекелестермен күресте жеңіске немесе басқа мақсаттарға жету үшін субъектіні өзінің бәсекелестік артықшылықтарымен басқару процесі» [2].

М.Е. Алетина фирмалардың бәсекелестігі кімнің және неге жеңгенін анықтау емес, жеке шаруашылық жүргізуші субъектінің нарықтағы бағаның жалпы деңгейіне әсер етуінің түбегейлі мүмкіндігі фактісін анықтау екенін атап өтті [3]. Егер мұндай әсер ету мүмкін